

ТАҚЫРЫП-4. МЕМЛЕКЕТТІК БЮДЖЕТ

Мазмұны:

- 4.1 Мемлекеттік бюджеттің экономикалық мәні мен рөлі
- 4.2 Қазақстан Республикасының бюджет жүйесі
- 4.3 Бюджеттің кірістері мен шығыстары
- 4.4 Бюджеттік процесс

Негізгі ұғымдар:

- Бюджет
- Бюджет жүйесі
- Мемлекеттік бюджет
- Мемлекеттік бюджет кірістері
- Мемлекеттік бюджет шығыстары
- Бюджет процессі

***Мақсаты:** мемлекеттік бюджеттің экономикалық мәні мен рөлін; мемлекеттік бюджеттің қалыптасуын; бюджетаралық қатынастарын реттеу механизімін; мемлекеттік бюджет тапшылығы мен бюджет процессін.*

4.1 Мемлекеттік бюджеттің экономикалық мәні мен рөлі

Мемлекеттік бюджет мемлекеттің орталықтандырылған ақша қорын жасау және оны ұдайы өндіріс пен қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыру мақсаттарына пайдалану жолымен қоғамдық өнімнің құнын бөлу және қайта бөлу процесінде мемлекет пен қоғамдық өндірістің басқа қатысушылары арасында пайда болатын экономикалық қатынастарды білдіреді.

Мемлекеттік бюджет, кез келген басқа экономикалық категориялар сияқты, өндірістік қатынастарды білдіреді және оларға сәйкес келетін материалдық – заттай іске асырылады, сонымен қатар, бюджеттік қатынастар мемлекеттің орталықтандырылған ақшалай қорында немесе бюджеттік қорда жасалынады. Ал бюджеттік қор, қоғамдық өнім мен ұлттық табыстың құндық бөліністің белгілі стадияларын өткен және ұлғаймалы ұдайы өндіріс, халыққа әлеуметтік-мәдени қызмет көрсету, қорғаныс және басқару жөніндегі қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін мемлекетке түсетін бөлігі қозғалысының объективті шарттасылған экономикалық нысаны болып табылады. Бюджеттік қордың қалыптасуы мен пайдаланылуы құнды бөлу және қайта болумен байланысты оның қозғалыс процесін білдіретіндігінде.

Мемлекеттік бюджет экономикалық категория ретінде жалпы қаржы сияқты **бөлу және бақылау** функцияларын орындайды. Бұл функциялардың іс қимылы, мазмұны, мәні мен маңызы бюджет қатынастарының қаралған айрықшалығымен айқындалды. **Бөлу функцияның** іс-әрекетінің өзіндік ерекшелігі, қоғамдық өнімнің құны қоғамдық өндірістің сфералары, ұлттық шаруашылықтың секторлары, аумақтар, салалар, жеке шаруашылық жүргізуші субъектілер арасында бөлінеді. Мемлекеттік бюджет арқылы бүгінде Қазақстанда жалпы қоғамдық өнімнің шамамен 10% және жалпы ішкі өнімнің 20% бөлінеді. Ал **бақылау функциясы** бюджет қорларын бөлудің сандық үйлесімдерінде, олардың қоғамдық өндіріс дамуының қажеттіліктеріне сай келетіндігінде, бөлудің ұнамсыз барысынан ауытқуын анықтау және оларды жою мүмкіндігінде көрінеді.

Мемлекеттік бюджетті экономикалық категория немесе мемлекеттің орталықтандырылған ақша қоры ретінде ғана емес, сонымен бірге негізгі қаржы жоспары, әлеуметтік-экономикалық процестерді реттеу механизмінің жиынтық ұғымы ретінде қарауға болады. Нақты тоқталатын болсақ, мемлекеттің негізгі қаржы жоспары, мемлекеттік бюджетте қоғамдағы барлық экономикалық процестерді бақылайтындықтан,

сонымен қатар барлық негізгі қаржы институттары – салықтар, мемлекеттің шығыстары, мемлекеттік несие, мемлекеттің қарыздары және т.б. өзінің жинақталған көрінісін табады. Әдетте, бюджет (бір қаржы жылына жасалынатын, 2009 жылдың 1 қаңтарынан бастап бюджет 3 (үш) жылға жасалынады), бюджеттің кірістерін, шығындарын, орталықтандырылған қаржы ресурстарының шешуші бөлігінің қозғалысын анықтайды. Негізгі қаржы жоспары мемлекеттің қаржылық қызметінің жемісі болып табылады. Елдің негізгі қаржы жоспарының көрсеткіштері республика Парламентінің жыл сайын қабылдайтын Республикалық бюджет туралы заңына сәйкес сөзсіз орындауға жатады.

Мемлекеттік бюджет, ұлттық экономиканы басқарудың басты механизмдерінің бірі. Ол экономикаға мемлекеттің орталықтандырылған ақша қорын жасау мен пайдаланудың нысандары мен әдістерінің жиынтығы болып табылатын бюджеттік механизм арқылы ықпал етеді. Шығындар мен салықтар арқылы бюджет экономика мен инвестицияларды реттеудің және ынталандырудың, өндіріс тиімділігін арттырудың маңызды құралы болып табылады. Экономикаға ықпал ету құралы ретіндегі бюджеттің рөлі көрініс табылады.

Мемлекеттік бюджет орындалу міндетті – мемлекет заңдарының бірі болып табылады (мысалы, келесі қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заң).

МЕМЛЕКЕТТІК БЮДЖЕТТІҢ САПАЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ

НЕГІЗГІ ҚАРЖЫ ЖОСПАРЫ		Қондырма бөлігі (субъективтік жағы)
МЕМЛЕКЕТТІК ЗАҢЫ		
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУДЫ БАСҚАРУ МЕХАНИЗМІ		
Базис бөлігі (объективтік жағы)	МЕМЛЕКЕТТІК БЮДЖЕТ	
	МЕМЛЕКЕТТІҢ ОРТАЛЫҚТАНДЫРЫЛҒАН АҚШАЛАЙ ҚОРЫ	РЕСУРСТАР
	ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚОСАЛҚЫ КАТЕГОРИЯСЫ	ҚАТЫНАСТАР

Жалпы қоғамдық ұдай өндірісте мемлекеттік бюджеттің рөлі ең алдымен мемлекеттік бюджеттің (шығыс бөлігінің) көмегімен ұлттық табыстың 31%, ішкі жалпы өнімнің 22%, жалпы қоғамдық өнімнің 11% бөлінетіндігімен және қайта бөлінетіндігімен анықталады. Бұл ақшалай қаражаттарды ұлттық шаруашылықтың әр түрлі салалары, өндіріс секторлары, қоғамдық қызметтің сфералары, елдің экономикалық аудандары мен аумақтары арасында бөледі.


4.2 Қазақстан Республикасының бюджет жүйесі

Мемлекеттік органдардың өздерінің функцияларын орындауы үшін басқарудың барлық деңгейлерінде тиісті қаржы базасы болуы тиіс. Осы мақсатпен әр мемлекеттің өңірлердің шаруашылығын, әлеуметтік сферасын, әрбір әкімшілік-аумақтық бірліктерді абаттандыруды, заң шығарушы билікті, басқару аппаратын ұстауды және басқа шараларды қаржыландыру үшін оларды ақшалай ресурстарын жұмылдыруды қамтамасыз ететін бюджеттер тармақтарының желісі құрылады. Бюджеттердің жекелеген түрлерінің кірістері мен шығыстарын қалыптастыру, оларды теңестіру процесстері заңмен реттеліп отыратын белгілі бір қаржылық өзара қарым-қатынастар пайда болады. Осы бюджет жүйесін ұйымдастыру мен құрудың қағидаттары, оның буындарының өзара қатынастары

мен байланысының ұйымдық нысандары, бюджет құқықтарының жиынтығы – бюджет құрылысын құрайды. Бюджет құрылысында басты орынды бюджет жүйесі алады.

Қазақстан Республикасының бюджет жүйесі бюджет құрылымының унитарлық типімен анықталады, өйткені Қазақстан – федералдық емес, басқарудың Президенттік-парламенттік нысаны және сайланатын Парламенті бар унитарлық мемлекет.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БЮДЖЕТ ЖҮЙЕСІ



Қазақстан Республикасында талдамалық ақпарат ретінде пайдаланылатын және бекітуге жатпайтын мемлекеттік және шоғырландырылған бюджеттер, облыс бюджеті жасалады.

Шоғырландырылған бюджет өз араларында өзара өтілетін операциялар ескерілместен, республикалық бюджетті, облыстардың, республикалық маңызы бар қала Нұр-сұлтан, бюджеттерін және Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына бағытталатын түсімдерді біріктіретін мемлекеттің орталықтандырылған ақшалай қоры болып табылады.

Қазақстандағы шоғырландырылған бюджеттің ерекшелігі, оның құрылымы мына бөлімдерден тұрады:

1. республикалық бюджет;
2. облыс бюджеті, республикалық маңызы бар қалалар және Нұр-сұлтан бюджеті;
3. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына жіберілетін бюджеттік түсімдер және оларды Ұлттық қорға Үкіметтің Ұлттық банктегі шоттарына аударымдар.

Ал *мемлекеттік бюджет*, өз араларында өзара өтелетін операциялар ескерілместен, республикалық және жергілікті бюджеттерді біріктіретін мемлекеттің орталықтандырылған ақшалай қоры болып табылады.

Облыс бюджеті болса, өз араларында өзара өтелетін операциялар ескерілместен, облыстық бюджетті, аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерін біріктіретін орталықтандырылған ақшалай қоры.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік бюджетінің басты бөлігі республикалық бюджетте шоғырландырылған. *Республикалық бюджет*, бюджеттік кодексте айқындалған түсімдер есебінен қалыптастырылатын және орталық мемлекеттік органдардың, оларға ведомствалық бағынышты мемлекеттік мекемелердің міндеттері мен функцияларын


қаржылық қамтамасыз етуге, сонымен қатар мемлекеттік саясаттың жалпыреспубликалық бағыттарын іске асыруға арналған орталықтандырылған ақшалай қоры болып табылады.

Ал *жергілікті бюджеттер* болса, бюджеттік кодексте айқындалған түсімдер есебінен қалыптастырылатын және облыстық деңгейдегі, республикалық маңызы бар қалаларының, Нұр-сұлтанның, ауданның (облыстық маңызы бар қалалардың) оларға ведомствалық бағынышты жергілікті мемлекеттік мекемелердің міндеттері мен функцияларын қаржылық қамтамасыз етуге және тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте мемлекеттік саясатты іске асыруға арналған орталықтандырылған ақшалай қоры.

Сол сияқты, Төтенше мемлекеттік бюджет республикалық және жергілікті бюджеттер негізінде қалыптастырылады және Қазақстан Республикасында төтенше немесе соғыс жағдайларында енгізіледі және осы мерзім ішінде қолданыста болады. Төтенше мемлекеттік бюджеттің қабылданғаны туралы Қазақстан Республикасының Парламенттің деру хабардар етіледі. Сол сияқты, төтенше мемлекеттік бюджеттің қолданылу уақытында республикалық бюджет туралы заңның және барлық деңгейлердегі жергілікті органдардың бюджеттері туралы мәсيليхаттар шешімдерінің қолданылуы тоқтатыла тұрады. Төтенше мемлекеттік бюджеттің қолданылуы тоқтатылысымен республикалық және жергілікті бюджеттерді нақтылау жүргізіледі.

Қазақстан Республикасындағы баланстандырылған жалпы бюджеттің әдісі былай көрсетіледі.

БАЛАНСТАНДЫРЫЛҒАН БЮДЖЕТ ӘДІСТЕРІНІҢ ІС-ӘРЕКЕТТЕРІ



Бюджет жүйесінің жұмыс істеуі бюджеттердің әр түрлі деңгейлерінің өзара байланысына негізделеді және оларды жоспарлау, әзірлеу, қарау, бекіту, атқару, бақылау тәртібімен, сондай-ақ республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы есеппен қамтамасыз етіледі.

Қазақстан Республикасының бюджет жүйесі төмендегі қағидаларға негізделеді:

Бірлік қағидалары, бюджет жүйесін ұйымдық-экономикалық орталықтандырудың дәрежесін білдереді.

Бюджеттің толықтылық қағидасы, Қазақстан Республикасы заңнамаларында көзделген барлық түсімдер мен шығыстарды бюджетте және Қазақстан Республикасының Ұлттық қорында көрсетуді, бюджеттік қаражаттарды пайдалана отырып, өзара талап құқықтарынан шегінуге жол бермеуді білдіреді.

Реалистік қағидасы, бекітілген (нақтыланған, түзетілген) бюджеттік көрсеткіштердің әлеуметтік-экономикалық дамудың және бюджеттік параметрлеріне бекітілген, мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарлары параметрлеріне болжамдарының бағыттарына сәйкестігі.

Трансферттік қағидасы, мемлекеттік немес заңмен қорғалған өзге құпия болып табылатын мәліметтерді, сондай-ақ қоғам мен бұқаралық ақпарат құралдары үшін бюджеттік процесстің міндетті ашықтығын қоспағанда, бюджет заңнамасы саласындағы нормативтік құқықтық актілерді, бекітілген нақтыланған бюджеттерді және олардың атқарылуы туралы есептерді, стратегияларлық жоспарлар мен олардың іске асырылуы туралы есептері, Қазақстан Республикасының ұлттық қорын қалыптастыру және пайдалану туралы ақпаратты міндетті түрде жариялау.

Дәйектілік қағидасы, мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарында көзделген тура және түпкілікті нәтижелерге қол жеткізуге бағдарланған бюджетті әзірлеу және атқару.

Сабақтастық қағидасы, өткен кезеңдерде бекітілген әлеуметтік-экономикалық даму мен бюджеттік параметрлер, базалық шығыстар, болжамдарына, бюджеттік мониторинг қорытындыларына, нәтижелерді бағалауға негізделген республикалық және жергілікті бюджеттерді жоспарлау.

Негізділік қағидасы, бюджет жобасына қандай да болсын түсімдерді немесе шығыстарды кіріктіру қажеттігін айқындайтын нормативтік құқықтық актілердің және басқа құжаттардың негізінде бюджетті жоспарлау.

Касса бірлігінің қағидасы, бюджетке түсетін барлық түсімдерді бірыңғай қазынашылық шотқа есептеу және бірыңғай қазынашылық шоттан барлық көзделген шығыстарды ұлттық валютада жүзеге асыру.

Тиімділік қағидасы, бюджеттік қаражаттардың бекітілген көлемін пайдаланып, ең үздік тура нәтижелерге қол жеткізу қажеттігін негізге ала отырып, бюджеттерді әзірлеу және атқару немесе бюджеттік қаражаттардың аз көлемін пайдаланып тура нәтижеге қол жеткізу.

Жауапкершілік қағидасы, тура және түпкілікті нәтижелерге қол жеткізуге және бюджеттік бағдарламалар әкімшілері мен мемлекеттік мекемелер басшыларының Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес келмейтін шешімдер қабылдағаны үшін жауапкершілігін қамтамасыз етуге бағытталған қажетті шешімдердің қабылдануы.

Бюджеттік қаражаттардың атаулық және нысаналық сипаты қағидасы – бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің Қазақстан Республикасы заңнамасын сақтай отырып, бюджеттік қаражаттарды мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларымен көзделген нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуге бағыттауы және пайдалануы.

Бюджет жүйесін құрудың барлық қағидалары өзара үйрестірілген және бірін-бірі толықтырып отырады.

Бюджетаралық қатынастар және бюджеттік реттеу механизмі

Бюджеттік процессте республикалық және жергілікті бюджеттер арасындағы және республикалық бюджет пен Ұлттық қор арасындағы қатынастар бюджетаралық қатынастар болып табылады. Бюджетаралық қатынастар мемлекеттік басқарудың деңгейлері арасындағы функциялар мен өкілеттіктердің аражігінің айқын ажыратылуына, бюджеттер арасында түсімдер мен шығыстарды біркелкі бөлуінуіне негізделген.

Бюджетаралық қатынастарды реттеу нысандарын айқындаған кезде бюджеттер деңгейлерінің әрқайсысының салықтық жаңдайы, өңірлердің объективтік бюджеттік қажеттіліктерін бағалау нәтижелері, бекітілген натуралдық нормалар ескеріледі. Бюджетаралық қатынастарды реттеу нысандары орта мерзімді фискалдық саясатқа сәйкес белгіленеді.

Бюджетаралық реттеу тиісті аумақтарда кірістік жайдайдың жетімсіздігі кезінде теңгерімділік мақсаттарында жоғары бюджет ресурстарының бір бөлігін төменгі бюджетке берудің және керісінше қаражаттарды қайта бөлудің жүйесі.

Бюджеттік реттеуді кең және тар мағанада қарауға болады. Тар мағанада, бюджеттік ресурстардың ең төмен тапшылығына жетуге бағытталған. Ал кең мағанада

болса, қаржылық ресурстар балансының параметрлерін ескере отырып бюджеттік реттеуді жүргізу болып табылады.

Бюджеттік реттеудің моделі мынадай үш блоктан тұрады:

1. бюджет жүйесі деңгейлерінің кірістік жобасын құру механизмдерінің жиынтығы;

2. шығыстардың ұтымды құрылымын қалыптастыруды кіріктіре отырып барлық деңгейлердің бюджеттерді атқарылуының шарттары мен ұйымдастыруды анықтау жөніндегі іс-шаралар жиынтығы;

3. кіріс және шығыс құзырларын межеленді және жауапкершілікті кіріктіретін бюджетаралық қатынастардың жүйесі, сонымен бірге өңірлерге қаржылық көмектің әдістері.

Бюджеттік реттеу механизмі, құралдар мен олардың нысандарының жиынтығы, олар арқылы бюджеттердің кірістік бағасын теңестіру мақсаттарында түрлі деңгей бюджеттерінің арасында қаражаттарды бөлу және айта бөлу жүзеге асырылады. Бюджеттік реттеу механизмін іске асыру құралдардың екі негізгі топтарын пайдаланады: нормативтік-есептік әдістеге негізделген бюджеттік және түрлі деңгейлер бюджеттерін кірістердің салықтық көздерімен қамтамасыз етумен байланысты болатын салықтық топтар. Құралдардың бюджеттік тобына қайтарусыз және өтеусіз негізде жүзеге асырылатын жоғары деңгей бюджеттерінен төменгі буын бюджеттеріне берілетін қаржылық көмектің әр түрлі нысандары жатады. Құралдардың екінші тобы, салықтық құралдар бұл бюджет жүйесінің деңгейлері бойынша және бір деңгей бюджеттері арасында бюджеттік түсімдердің салықтық көздерін бөлудің әр түрлі нысандарын пайдалануды көздейді.

4.3 Бюджеттің кірістері мен шығыстары

Мемлекеттің орталықтандырылған ақша қорын қалыптастырумен және пайдаланумен байланысты болып келетін бюджеттің жұмыс жасауы ерекше экономикалық нысандар, бюджеттің кірістері мен шығыстары арқылы болып отырады. *Кірістер* мемлекетті қажетті ақша қаражаттарымен қамтамасыз етеді, *шығыстар* орталықтандырылған ресурстарды жалпымемлекеттік қажеттіліктерге сәйкес бөледі. *Бюджеттің түсімдері* кірістер, бюджеттік несиетерді өтеу, мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер, сондай-ақ мемлекеттік қарыздар, ал *оның шығыстары* шығындар, бюджеттік несиетер, қаржы активтерін сатып алу, қарыздар бойынша негізгі борышты өтеу болып табылады.

Кірістер мен шығыстардың құрамы мен құрылымы нақты әлеуметтік-экономикалық және тарихи жағдайларда жүзеге асырылатын мемлекеттік бюджет және салық саясатын жүргізудің бағыттарына байланысты болады. Бұл кезде мемлекет белгілі бір жағдайларда кірістерді қалыптастырудың және шығыстарды жұмсаудың қолайлы нысандары мен әдістерін пайдаланады. Бюджеттің құрылымы бюджеттік сыныптама негізінде құрылады және төмендегідей бөлімдерден тұрады:

1. кірістер.

- салықтық түсімдер;
- салықтық емес түсімдер;
- негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер;
- ресми трансферттер түсімдері;

2. шығындар.

3. таза бюджеттік несиетер.

- бюджеттік несиетер;
- бюджеттік несиетерді өтеу

4. қаржылық активтермен операциялар бойынша сальдо.

- қаржылық активтерді сатып алу;

- мемлекеттің қаржылық активтерін сатудан түсетін түсімдер;
- 5. бюджет тапшылығы (профициті).
- 6. бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану).
 - қарыздар түсімі;
 - қарыздарды өтеу;
 - бюджеттік қаражаттардың пайдаланылатын қалдықтары.

Бюджеттерді бекіту және бюджеттердің атқарылуы туралы есептерді түзу осы көрсетілген құрылым бойынша жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының жалпы мемлекеттік бюджетінің құрамы және кірістері мен шығыстарының құрылымы төмендегі үлгідей болады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК БЮДЖЕТІНІҢ ҚҰРАМЫ МЕН ҚҰРЫЛЫМЫ

Атауы	Млрд.теңге	Жиынға %-бен	ІЖӨ-ге %-бен
I. КІРІСТЕР	4034,4	100,0	25,3
Салықтық түсімдер	2819,5	69,9	17,2
соның ішінде:			
КТС	920,9	28,8	5,8
ЖТС	267,4	66	1,7
әлеуметтік салық	251,2	62	1,6
ҚҚС	641,0	15,9	4,0
акциздер	56,5	1,4	0,4
Салық емес түсімдер	85,5	2,1	0,5
Негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер	56,9	1,4	0,4
Трансферттер түсімдері	1072,4	26,6	6,7
II. ШЫҒЫСТАРЫ	3394,1	100,0	21,3
1. Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	224,0	6,6	1,4
2. Қорғаныс	185,4	5,4	1,1
3. Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқық, сот, қылмыстық атқару қызметі	271,5	8,0	1,7
4. Білім беру	572,4	16,8	3,6
5. Денсаулық сақтау	363,2	10,7	2,3
6. Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтыздандыру	622,0	18,3	3,9
7. Тұрғын үй-коммуналық шаруашылығы	233,9		
8. Мәдениет, спорт, туризм және ақпаратты кеңістік	164,0	4,8	1,0
9. Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану	60,5	1,8	0,4
10. Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	170,4	5,0	1,1
11. Өнеркәсіп, сәулет, қала құрлысы және құрылыс қызметі	40,1	1,2	0,2
12. Көлік және коммуникация	332,7	9,8	2,1
13. Басқадай шығындар	96,2	2,8	0,6
14. Борышқа қызмет көрсету	57,9	1,9	0,4
15. Трансферттер			
III. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ САЛЬДО	640,3		4,0

IV. ТАЗА БЮДЖЕТТІК НЕСИЕТЕУ	42,5		0,3
Бюджеттік несиетеу	47,3		0,3
Бюджеттік несиетеуді өтеу	4,8		0,0
V. ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІМЕН ЖАСАЛАТЫН ОПЕРАЦИЯЛАР БОЙЫНША САЛЬДО	931,1		5,8
Қаржылық активтерді сатып алу	932,4		5,9
Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	1,3		0,0
VI. БЮДЖЕТ ТАПШЫЛЫҒЫ (ПРОФИЦИТІ)	-333,2		-2,1
VII. БЮДЖЕТ ТАПШЫЛЫҒЫН ҚАРЖЫЛАНДЫРУ (ПРОФИЦИТІ ПАЙДАЛАНУ)	933,2		2,1
ҚАРЫЗДАР ТҮСІМІ	477,3		3,0
ҚАРЫЗДАР ӨТЕУ	167,6		1,0
АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТАР ҚАЛДЫҚТАРЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ	23,5		0,1

Кестеде көріп тұрғанымыздай, *бюджеттің кірістері*, салықтық және басқа міндетті төлемдер (салықтар және бюджетке төленетін басқа міндетті төлемдер), ресми трансферттер, мемлекетке өтеусіз негізде берілетін, қайтарылатын сипатта болмайтын және мемлекеттің қаржы активтерін сатумен байланысты емес, бюджетке есептелуге тиісті ақшалар болып табылады.

Салықтық түсімдер салықтық кодексте белгіленген салықтар мен бюджетке төленетін басқа міндетті төлемдер болып табылады.

Салықтық емес түсімдер бюджетке төленетін міндетті қайтарусыз төлемдер, байлаулы гранттар, сондай-ақ трансферттерден басқа, бюджетке тегін негізде берілетін ақша.

Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті, мемлекеттік материалдық резервтен тауарларды, мемлекет меншігіндегі жер учаскелерін жеке меншікке сатудан немесе оларды тұрақты немесе уақытша жер пайдалануға беруде, не Қазақстан Республикасы заңдарында немесе халықаралық шарттарда көзделген тәртіппен өзге тәсілмен өткізуден, мемлекетке тиесілі материалдық емес активтерді сатудан бюджетке түсетін ақшалар болып табылады.

Трансферттердің түсімдері - бұл бюджеттің бір деңгейінен екіншісіне, ұлттық қордан республикалық бюджетке түсетін трансферттер түсімдері.

Бюджеттік несиетерді өтеу, бюджеттен алынған несиетер бойынша негізгі борышты қайтаруға, сонымен бірге заңи тұлғалардың төленген мемлекеттік кепілдіктер бойынша талаптарды қайтаруына байланысты бюджетке түсетін түсімдер.

Қарыздар - мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар шығаруға және (немесе) қарыздар келісімшарттарын жасасуға байланысты бюджетке түсетін ақшалай түсімдер.

Мемлекеттің қаржылық активтерін сатудан түсетін түсімдер - заңды тұлғалардың, соның ішінде мемлекеттік меншіктегі халықаралық ұйымдардың, мүліктік кешен түріндегі мемлекеттік мекемелер мен мемлекеттік кәсіпорындардың қатысу үлестерін, бағалы қағаздарын, сондай-ақ мемлекеттік кәсіпорындардың жедел басқаруындағы немесе шаруашылық жүргізуіндегі өзге мемлекеттік мүлікті сатудан бюджетке түсетін түсімдер.

Бюджеттің шығындары қайтарылмайтын негізде бөлінетін бюджет қаражаттары. Шығындардың қатаң мақсатты арналымы болады.

Бюджеттік несиетер - қайтарымдылық, мерзімділік және ақылық негізде бюджеттен бөлінетін ақшалар.

Қаржылық активтерді сатып алу - заңды тұлғалардың, соның ішінде халықаралық ұйымдардың қатысу үлестері мен бағалы қағаздарын мемлекеттік меншікке сатып алуға бағытталған бюджеттік қаражаттар.

Қарыздарды өтеу - Қазақстан Республикасы ратификациялаған мемлекеттік сыртқы қарыздар туралы, сондай-ақ ішкі қарыздар бойынша халықаралық келісімшарттарға сәйкес негізгі борышты өтеуге бағытталған бюджеттік қаражаттар.

Таза бюджеттік несиетеу бюджеттік несиетердің және бюджеттік несиетерді өтеудің арасындағы айырма ретінде айқындалады. *Бюджеттік несиетеу* - бюджеттік несиеті беру, пайдалану, оған қызмет көрсету және оны өтеу туралы шешім қабылдау рәсімдерін кіріктіретін үдеріс.

Бюджеттік несиеті өтеу деп несиетік келісімшартқа және Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес бюджеттік несие бойынша негізгі борышты қарыз алушының өтеуін айтады.

Қаржылық активтермен операциялар бойынша сальдо қаржылық активтерді сатып алу мен мемлекеттің қаржылық активтерді сатудан түсетін түсімдер арасындағы айырма ретінде айқындалады.

Бюджет тапшылығы (профициті) таза бюджеттік несие беруді және қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдоны шегеріп тастағандағы операциялық сальдоға тең.

Бюджет тапшылығын қаржыландыру қарыз алу және бюджет қаражатының бос қалдықтары есебінен бюджет тапшылығын жабуды қамтамасыз ету.

Әр бюджетте оның кіріс және шығыс бөлігін теңестірген, яғни баланстаған дұрыс. *Баланс* тепе-теңдік, бюджетті жасаған кезде негізгі мәселе мемлекеттің ақшалай түсімдері мен шығыстарының осындай жай-күйіне жету болып табылады. *Кірістердің шығыстардан*, яғни бюджетке түсетін түсімдердің жалпы сомасының шығыстардың және қайтарымды негізде бөлінетін кірістердің ауқымынан асып түсуі *бюджет артығын - профициті* құрайды. Ол мемлекеттік борышты өтеуге бағытталады немесе бюджеттік қаражаттардың бос қалдығын құрауы мүмкін. Аяқталған бюджет жылы бойынша бюджет кезеңінің аяғында қалыптасқан бюджеттік қаражаттардың бос қалдықтары үкімет пен жергілікті атқарушы органдардың арнайы шоттарына есептеледі. Және биліктің саның айналымдағы нақты ақшасының өсіміне және биліктің тиісті органының мемлекеттік борышын жабуға пайдаланылады. Мұндай қажеттік болмаған жағдайда бұл қаражаттарды пайдалану туралы шешімдерді тиісті әкімшіліктер қабылдайды. Шығыстардың кірістерден асып түсуі мемлекеттік бюджеттің тапшылығын тудырады.

Тапшылықтың ұйғарымды деңгейі деп елдің жалпы ішкі өнімге қатысты 2-3% мөлшері саналады. Мұндай жағдайда тапшылық мемлекеттік қарыздар шығарудың немесе қағаз ақшалар эмиссиясының көмегімен біршама жеңіл жабылуы мүмкін. Бюджеттің едәуір және созылмалы тапшылығы кезінде қарыздар мемлекеттің қажеттіліктерін жаппайды, олар ақшаның қосымша эмиссиясымен қамтамасыз етіледі, бұл инфляцияның дамуына, ақша айналысы заңының бұзылуына, ақшаның құнсыздануына, нақтылы табыстардың және халықтың тұрмыс деңгейінің төмендеуіне апарып соғады.

Бюджет тапшылығын төмендетудің мынадай әдістері болады.

- шығыстар тұрақты, кірістер өседі.
- кірістер тұрақты, шығыстар азаяды.
- кірістер өседі, шығыстар азаяды (тапшылық 2 еседен жылдам төмендейді)

Тапшылықты қаржыландыру, оны жабу үшін қосымша ақша қаражаттарын іздестіру.

Бюджет тапшылығын қаржыландырудың жолдары:

1. Ақша белгілерін шығару.
2. Мемлекеттік қарыздар.
3. Шетелдік қарыздар.
4. Ұлттық байлықты пайдалану.

Бюджеттің кірістерін көбейтуге және шығыстарын қысқаруға, бюджет тапшылығын реттеуге, басқа экономикалық дағдарысқа қарсы шаралардың жиынтығында нысаналы басқаруға бағытталған шараларды әзірлеу және дәйекті іске асыру мемлекеттің қаржы жаңдайын тұрақтандыруға жағдай жасайды, оның әлеуметтік-экономикалық дамуына жәрдемдесетін болады.

4.4 Бюджеттік процесс

Мемлекеттік билік органдарының, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының және оған басқа да қатысушылардың бюджет жобаларын, мемлекеттік бюджеттен тыс қорлар бюджетінің жобаларын жасау және қарау жөніндегі, осы бюджеттерді бекіту және атқару жөніндегі, сондай-ақ олардың атқарылуын бақылау жөніндегі құқықтық нормалармен тәптіштелетін қызметі. Бюджеттердің құралуының негізгі қағидалары Қазақстан Республикасының Конституциясында белгіленген. Қазақстан аумағында бюджеттердің құралуы мен атқарылуын реттейтін басты акт Қазақстан Республикасының Бюджеттік кодексі болып табылады.

Бюджеттік процесс төрт сатыны қамтиды: *бюджет жобаларын жасау; оларды қарау; бюджеттерді бекіту; бюджеттерді атқару.*

Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган Республикалық бюджеттік комиссия қабылдаған шешімдердің негізінде республикалық бюджет жобасының түпкілікті нұсқасы негізінде **республикалық бюджет туралы заңның жобасын** жасайды және оны Үкіметтің қарауына ағымдағы қаржы жылының 15 тамызынан кешіктірмей ұсынады.

Кезекті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заң жобасының мәтінінде: кірістердің, трансферт түсімдерінің, шығындардың, таза бюджеттік несиетеудің, қаржылық активтермен операциялар бойынша сальдоның, тапшылықтың (профициттің), тапшылықты қаржыландырудың (профицитті пайдаланудың) көлемі; жалақының, зейнетақының ең төменгі мөлшері, айлық есептік көрсеткіштің, ең төменгі күнкөріс деңгейінің және мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің мөлшері; жергілікті бюджеттерден республикалық бюджетке бюджеттік алынымның көлемі; республикалық бюджеттен жергілікті бюджеттерге берілетін бюджеттік субвенциялар көлемі; Қазақстан Республикасы Ұлттық қорынан кепілдік берілген трансферт көлемі; мемлекет кепілгерлігін беру лимиті; Қазақстан Республикасы Үкіметінің концессиялық міндеттемелерінің лимиті; Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктер беру лимиті; үкіметтік борыш лимиті және басқа да қағидалар қамтылуға тиіс.

Республикалық бюджет туралы заңның жобасын Үкімет ағымдағы қаржы жылының 1 қыркүйегінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының Парламентіне енгізеді.

Республикалық бюджет жобасының түпкілікті нұсқасын қарау және айқындау ағымдағы қаржы жылының 1 тамызынан кешіктірілмей аяқталады.

Республикалық бюджет бекіту әуелі Мәжілісте, ал содан кейін Сенатта өз кезегімен қарау арқылы ағымдағы қаржы жылының 1 желтоқсанынан кешіктірілмей палаталардың бөлек отырысында бекітіледі.

Егер Парламент ағымдағы жылдың 1 желтоқсанына дейін республикалық бюджет туралы заңды қабылдаса Президент кезекті қаржы жылының бірінші тоқсанына арналған республикалық қаржы жоспары туралы жарлық шығаруға құқылы, ол республикалық бюджет туралы заңды Парламент бекіткенге дейін қолданылады. Бұл республикалық қаржы жоспары кезекті қаржы жылына арналған республикалық бюджет болжамының төрттен бір бөлігі көлемінде ағымдағы жылдың 25 желтоқсанынан кешіктірілмей бекітіледі. Кезекті қаржы жылының бірінші тоқсанына арналған республикалық қаржы жоспары бекітілген жағдайда, осы қаржы жылына арналған республикалық бюджет сол жылғы 1 наурыздан кешіктірілмей бекітілуге тиіс. Бұл ретте

осы қаржы жылына арналған республикалық бюджет сол жылдың бірінші тоқсанына арналған республикалық қаржы жоспары ескеріле отырып бекітіледі.

Республикалық бюджет туралы заң қосымшаларымен бірге, Президенттің алдағы қаржы жылының бірінші тоқсанына арналған республикалық қаржы жоспары туралы Жарлығы қосымшаларымен бірге бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Республикасының аумағында төтенше немесе соғыс жағдайын енгізу немесе оның күшін толық немесе ішінара жою туралы жарлықтары төтенше мемлекеттік бюджетті әзірлеу, енгізу немесе оның қолданысын тоқтату үшін негіз болып табылады.

Қазақстан Республикасының бірнеше өңірінің аумағында бір мезгілде төтенше жағдайды енгізу төтенше жағдайдың салдары республиканың ұлттық мүддесі мен экономикалық қауіпсіздігіне қауіп-қатер төндіруі мүмкін жағдайда ғана төтенше мемлекеттік бюджетке енгізу үшін негіз болып табылуы мүмкін.

Төтенше мемлекеттік бюджетті Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган әзірлейді және ол Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығымен бекітіледі.

Бюджетке түсімдердің түсуін, бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) іске асырылуын қамтамасыз ету, бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану) жөніндегі іс-шаралар кешенін орындау бюджеттің атқарылуы болып табылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңды іске асыру туралы қаулысы жоспарланып отырған жыл алдындағы жылдың 20 желтоқсанына дейін қабылданады және қаулы бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне, бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға республикалық бюджеттің уақытылы атқарылуын қамтамасыз ету жөніндегі тапсырмаларды көздейді.

Республикалық бюджеттің атқарылуын Үкімет, жергілікті бюджеттердің атқарылуын жергілікті атқарушы органдар қамтамасыз етеді. Бюджеті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган бюджеттердің атқарылуы саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыруды және іске асырылуын жүзеге асырады, өзінің құзыры шектерінде Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылу мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерді әзірлеп, бекітеді, Республикалық жергілікті бюджеттердің атқарылуы, бухгалтерлік және бюджеттік есеп, қаржылық және бюджеттік есептеме саласында әдіснамалық басшылықты жүзеге асырады.

Бюджеттің атқарылуы ағымдағы қаржы жылының 1 қаңтарында басталып, 31 желтоқсанында аяқталады. Бюджеттің атқарылуы кассалық негізде жүзеге асырылады.

Бюджеттің атқарылу рәсімдерін және оларға кассалық қызмет көрсетуді Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды. Аударым операцияларын орталықтандырып жүзеге асыру және олардың есебін жүргізу үшін Ұлттық банкке ұлттық валютамен бірыңғай қазынашылық шот ашылады. Ол қолма-қол ақшаны бақылау шоттарындағы қаражаттардың қалдықтарын кіріктіреді.

Республикалық және жергілікті бюджеттік бағдарламалар өкімшілері бюджеттің атқару жөніндегі орталық және жергілікті уәкілетті органдарға бюджеттік бағдарламалардың іске асырылу мониторингінің нәтижелері туралы есептер береді.

Өткен қаржы жылындағы Республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдың есепті бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган есепті айдан кейінгі жылдың 1 сәуірінен кешіктірмей Үкіметке, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға және мемлекеттік қаржылық бақылау органдарына ұсынады.

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті бюджеттік қатынастарды реттеу саласында республикалық бюджеттің атқарылуына сыртқы бақылауды жүргізу тәртібін белгілейді, ішкі бақылау жөніндегі орталық уәкілетті органмен бірлесіп мемлекеттік қаржылық бақылаудың стандарттарын әзірлейді, сондай-ақ оларды бекітеді және олардың сақталуына, республикалық бюджеттің және төтенше

мемлекеттік бюджеттің атқарылуына, бақылау іс-шараларының қорытындылары бойынша қабылданған шешімдердің орындалуына бақылауды және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Талқылауға арналған сұрақтар:

1. Мемлекеттік бюджеттің әлеуметтік-экономикалық мәнін ашып беріңдер.
2. “Мемлекеттік бюджет” ұғымы.
3. Мемлекеттің бюджет жүйесі дегеніміз не.
5. Қазақстанның Республикасының бюджетінің кірістері мен шығыстары.
6. “Бюджет балансы” ұғымы.
7. Бюджет тапшылығын қандай факторлар тудырады.
8. Бюджет тапшылығын қаржыландырудың жолдарын атап шығындар.
9. Бюджеттік процесс дегеніміз не.
10. Бюджетаралық қатынастар деп нені түсінеді және олар қандай әдістермен реттеледі.

Әдебиеттер:

1. Қ.Мырзабекқызы, А.Болганбаев. Қаржы теориясы. Шымкент: Асель. 2021
2. Г. Азретбергенова. Қаржы I, оқу - әдістемелік құралы, Түркістан 2020,
3. Г.Азретбергенова. Введение в финансы, Учебно-методическое пособие, Түркістан 2020,
4. Р.Серкебаева., Р.Смагулова. Финансы, Учебник. МОН РК, Ассоциация вузов РК. - Алматы: BOOKPRINT, 2014.
5. С.Құлпыбаев. Қаржы. Оқулық. Алматы: Экономика, 2015ж.